

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІ
ҚАЗАҚ ТІЛІ ОҚЫТУШЫЛАРЫНЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БІРЛЕСТІГІ
ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР АКАДЕМИЯСЫ ҚОҒАМДЫҚ БІРЛЕСТІГІ**

**Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ФИЛОЛОГИЯ ФАКУЛЬТЕТІ
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ШЕБЕРЛІК МЕКТЕБІ
ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІ КАФЕДРАСЫ**



**«Тіл мен әдебиетті құндылық бағдарлы оқыту: тәжірибе,
мәселелер және перспективалары» атты ғалымдар мен
мұғалімдердің халықаралық ғылыми-практикалық
конференциясы материалдарының**

ЖИНАҒЫ

31 қазан 2025 жыл.

Астана қ.

Конференция AP23490928 «Қазақ тілі мен әдебиетін құндылық бағдарлы оқытудың инновациялық технологиясы» атты ғылыми жоба аясында ұйымдастырылды.

ӘОЖ 80/81+821
ББК 81.2+84
Т93

**Жалпы редакциясын басқарған – Қапантайқызы Ш.
Редакциялық ұжым: Бибекөв Қ.Т., Кенжалин Қ.К., Шоқабаета С.С.,
Аитова Н.Н., Баймұханбетова М.Б., Бегимова Г.А.**

«Тіл мен әдебиетті құндылық бағдарлы оқыту: тәжірибе, мәселелер және перспективалары» атты ғалымдар мен мұғалімдердің халықаралық ғылыми-практикалық конференциясы материалдарының жинағы. 2 томдық., 1-том. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2025. – 245 бет.

ISBN 978-601-385-146-4

Бұл жинақта тіл мен әдебиетті құндылық бағдарлы оқыту мәселесінің ғылыми-теориялық және әдістемелік мәселелері қарастырылып, заманауи озық тәжірибелері жинақталды. Авторлар еңбектерінде білім беру кеңістігінде тұлғаның рухани-адамгершілік құндылықтарын дамыту, тіл арқылы мәдениет пен ұлттық дүниетанымды меңгерту, әдеби шығармаларды аксиологиялық тұрғыдан талдау сияқты мәселелер ғылыми тұрғыда ұсынылды.

Сонымен қатар, жинаққа құндылыққа негізделген тілдік және әдеби білім берудің инновациялық әдістерін, педагогтардың кәсіби даярлығы мен құзыреттілігін жетілдіру жолдарын, қазіргі білім беру жүйесіндегі гуманистік бағыттардың орны мен болашағын айқындауға бағытталған енгізілді.

Материалдар тіл мен әдебиетті құндылық бағдарлы оқыту әдістемесінің, аксиолингводидактиканың өзекті бағыттарына қызығушылық танытқан зерттеушілерге, жоғары оқу орындарының оқытушыларына, мектеп мұғалімдеріне және магистранттарға арналады.

ISBN 978-601-385-146-4

ӘОЖ 80/81+821
ББК 81.2+84

© Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, 2025.

қатар, сабақта рөлдік ойындар, комикс немесе визуализация, эссе және презентациялар арқылы шығармашылық тапсырмаларды орындау оқушылардың эстетикалық талғамын және эмоционалдық интеллектін дамытады. Модульдік жүйе арқылы құндылықтарды кезең-кезеңімен енгізу сабақтарды жүйелі жоспарлауға және оқушылардың жеке дамуын бақылауға мүмкіндік береді.

Құндылық бағдарлы оқытуда бағалау жүйесі де дәстүрлі тәсілдерден ерекшеленеді. Бағалау тек білім деңгейін тексеруге емес, оқушының құндылықтарды меңгеру деңгейін, шығармашылық және аналитикалық қабілеттерін, сондай-ақ топтағы белсенділігін бағалауға бағытталған. Өзін-өзі бағалау және өзара бағалау әдістерін қолдану арқылы оқушылар өздерінің жетістіктерін көре отырып, өз дамуын бақылауға үйренеді және сыни тұрғыдан ойлау дағдыларын жетілдіреді. Шетелдік тәжірибе көрсеткендей, құндылық бағдарлы оқыту тек ұлттық әдебиетке ғана емес, әлемдік әдебиет пен мәдениетке де негізделсе, оның тиімділігі артады. Финляндия мен АҚШ-тағы бағдарламалар оқушыларды этикалық және мәдени тұрғыдан тәрбиелеуге, сыни ойлау қабілеттерін дамытуға бағытталған [7, 30-б.]. Бұл тәжірибе Қазақстан мектептерінде де қолдануға болады, әсіресе салыстырмалы талдау мен интеграциялық тәсілдерді енгізгенде.

Жалпы қорытындылай келе, құндылық бағдарлы оқыту келесі негізгі нәтижелерге қол жеткізеді: Оқушылар әдеби шығармаларды терең талдайды, олардың этикалық, эстетикалық және мәдени мәнін түсінеді; Оқушылардың сыни ойлау, шығармашылық қабілеттері және коммуникативтік дағдылары дамиды; Сабақтар тек білім беруге емес, жеке тұлғаның әлеуметтік, моральдық және мәдени тұрғыдан қалыптасуына бағытталады; Модульдік жүйе мен салыстырмалы талдау оқушылардың өзара бағалау және өзін-өзі бағалау дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді; Шетелдік тәжірибе және инновациялық әдістерді қолдану оқытудың тиімділігін арттырып, оқушыларды белсенді, мәдени және этикалық тұрғыдан жетілген тұлға ретінде қалыптастыруға ықпал етеді. Осылайша, тіл мен әдебиет сабақтарында құндылық бағдарлы оқытуды жүйелі түрде енгізу оқу процесін толықтырады және оқушылардың білімін, жеке тұлғалық қасиеттерін, моральдық және мәдени дамуын қамтамасыз етеді. Бұл тәсіл білім беру жүйесін заманауи талаптарға сай жетілдіруге және оқушыларды қоғамдағы белсенді, мәдениетті, жауапкершілігі мол тұлға ретінде тәрбиелеуге мүмкіндік береді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Ахметова, Г. Қазақ тілі мен әдебиетін оқытудың теориясы мен әдістемесі. – Алматы: Білім, 2018. – 256 б.
2. Қасымов А. Құндылық бағдарлы оқыту: теория мен тәжірибе – Астана, 2020, – 210 б.
3. Мұратбекова С. Тіл және әдебиет сабақтарында құндылықтарды қалыптастыру. – Қызылорда: Білім, 2019, – 198 б.
4. Жұмабаев Б. Педагогикалық психология негіздері. – Алматы: Мектеп, 2017, – 240 б.
5. Morrison T. European Practices in Value-Based Education. – London: Routledge, 2017, – 254 p.
6. Назаров Р. Құндылық бағдарлы оқытудың педагогикалық негіздері. – Алматы, 2020, – 230 б.
7. Walker, L., & Davis, K. *Integrating Moral and Cultural Education in Schools*. – London: Palgrave Macmillan, 2015, – 289 p.

3. АХМЕТОВАНЫҢ «КҮРЕТАМЫР» ЕҢБЕГІНДЕГІ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚ МӘСЕЛЕСІ

С. С. Шокабаева¹, М. Б. Баймуханбетова²

¹ Доцент м.а., ф.ғ.к.; ²доцент, ф.ғ.к., Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан.

Ұлттық құндылық – халықтың, ұлттың ең құнды, рухани, материалдық қазынасы. Ал ұлттық құндылықты сақтау – тұтас бір ұлтқа аманат, мәңгілік тақырып, мәселе. Көптеген ұлтжанды жырау, жыршы, ақын, жазушы, қоғам қайраткерлері, ғалым, ұлы тұлғалардың бәрі

ұлттық құндылықтар тақырыбында жазған және сол үшін күрескен. “ ұлттық құндылық тақырыбы тек бүгінгі күннің мәселесі деуге болмайды. Бұл адамзат тарихында сонау IX-XV ғасырлардағы Қорқыт, Әл-Фараби, Ж.Баласағұни, М.Қашқари, Қожа Ахмет Йасауи, Асан Қайғы сияқты қазақ даласының ойшылдарының еңбектеріндегі “Кемел адам” тұлғасын жасау идеясында айқындалған. Ұлттық құндылықтарды танып білу, меңгеру және ұлттық мәдениеттің қалыптасу негіздері ағартушылар Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин, А.Құнанбаев, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов, Ш.Құдайбердиев, М.Дулатов, А.Байтұрсыновтың рухани мұраларынан бастау алады” [1, 3-8-бб.]. Ата-бабаларымыздан бастау алған ұлттық құндылықтардың өзегін жалғап, сабақтастырып, рухани байлығымызды құнттап, бағалап, оны ұлт санасына ұялатып, насихаттап, бұл тақырыпқа арнап кітаптар жазып жүрген ХХІ ғасырдағы осындай халқына қалаулы, еліне елеулі қаламгерлеріміздің бірі – Зейнеп Ахметова.

Зейнеп Ахметова (18 қаңтар 1945 жыл) – белгілі жазушы, қоғам қайраткері және қазақтың ұлттық дәстүрлерін насихаттаушы. Ол даңқты қолбасшы әрі халық батыры Бауыржан Момышұлының келіні, жазушы Бақытжан Момышұлының әйелі. Зейнеп Ахметова қазақ мәдениетінің дістүрлерін, отбасылық құндылықтарын және қыз-келіншектердің тәрбиесін сақтау мен дамыту жолында үлкен еңбек сіңірген [2].

Жазушы З.Ахметованың “Күретамыр” еңбегінде қазақтың халық санасында көнеріп, ұмытылып бара жатқан немесе қазір бар болса да, сәл бұрмаланып, өзгертіліп қолданылып жүрген салт-дәстүр, әдет-ғұрып, ырым-тыйымдар жайында нақты, анық ақпарат кеңінен берілген, қамтылған. Кітаптың “Күретамыр” деп аталуының өзінде де терең мән, мақсат бар. Бұл жайында автор былай деп жазады: “Күретамыр деп, қанды жүректен дене мүшелеріне тасымалдап таситын ең ірі, ең маңызды қан тамырды айтады. Күретамырдың бітеліп қалмай, қызметінің жақсы атқарылуы адамның қалыпты өмір сүруінің кепілі. Сол секілді әрбір халықтың жеке атауды иемденетін ең басты белгісі, яғни жүрегі – тілі болса, сол тіл арқылы танытатын да, сақтайтын да – күретамыры” [3, 3-б.].

Кітап “Ұрпақ жалғастығы”, “Ата-ана арманы”, “Құрсак шашу”, “Жеріктік өріс”, “Келін күтімі”, “Кіндік шеше”, “Аққолды ана”, “Жарысқазан”, “Шілдеhana”, “Итжейде немесе иткөйлек”, “Қалжа”, “Уыз”, “Балаға ат қою”, “Бесіктой”, “Бесік әкелу”, “Бесік жыры”, “Қырқынан шығару”, “Тымаққа салу”, “Бауырынан табақ алу”, “Тұсаукесер”, “Көгентүп”, “Танабау”, “Тіл ұстарту”, “Бауырына салу”, “Асырап алу”, “Жеті ата”, “Ашамайға мінгізу”, “Сүндет той”, “Сырға той”, “Тілашар”, “Айдар”, “Кекіл”, “Тұлым”, “Тұмар”, “Көзмоншақ”, “Бүйрек сыбаға”, “Құлақ беру”, “Таңдай беру”, “Мүшел”, “Жолашар”, “Тоқымқағар”, “Жиенқұрық”, “Енші беру”, “Шашу”, “Асату”, “Байғазы”, “Көрімдік”, “Базарлық”, “Айттық”, “Асар”, “Жарапазан”, “Тыйым”, “Түйін” деген сияқты тақырыптарды қамтиды.

“Ұрпақ жалғастығы” тақырыбының негізгі түйіні – “Іштен қыңыр туғанды тезге салсаң түзелмес” (көне сөз), “Бір баланы адам етіп өсіргенше, бір шаһар опат болады” (көне Шығыс даналары). “Ата-ана арманы” тақырыбының негізгі түйіні – “Бесіксіз үйде береке болмайды”, “Балалы үй – базар”, “Балам – балым, баламның баласы – жаным” (мақал-мәтелдер), “Қазаның булы, жөргегің сулы болсын!” (бата). “Құрсак шашу” жайында автор былай деп жазады: “Ұрпақ қамын ойлаған көргенді ене арнайы дастарқан жайып, ауылдағы әйелдерді “құрсак шашу, кейде “құрсак той” деп аталатын дәстүрлі қонақтыққа шақырады. Шақырылған әйелдер құрқол келмейді, әрқайсысы өз үйлерінен әртүрлі тағам әкеледі. Ондағы мақсат – келіннің жерік асын табуға жәрдемдесу. Құрсак шашудың негізгі мәні де, мақсаты да осында жатыр” [3, 7-б.]. Қазір бізде керісінше, “гендер пати” ұйымдастырып, жүкті әйелдің үй іші қонақ шақырып, әлі дүниеге келмеген баланы алдын ала тойлайды. “Гендер пати” – қазаққа жат, ұлттық салт-дәстүр, жоралғымызға қарсы, шет елден келген салт.

“Жеріктік өріс”. “Жерік астың адамның мінез-құлқына, жаратылысына тікелей әсері болады дейтін әжелер сөзінің шындыққа жақын екенін көрсетеді” [3, 13-б.]. “Қалжа”. “Шілде тері шықпаса, қырық түрлі қырсық жабысады деп ой түйген”. “Тамырына сүйенген тал бәйтерек болады”. “Уыз”. “Адам бойындағы ізгі қасиеттің бәрі ана сүтімен берілетінін бүкіл әлем біледі. “Уызына жарымаған өмірінде жарымайды”. Ана сүті – адам баласының шынайы түрде, жақсы сапада адам болып қалыптасуының, өміршеңдігінің басты кепілі. Жаңа туған

нәрестеге қатысты міндетті түрде орындалатын маңызды дәстүрдің біреуі – баланы ауыздандыру. Баланы маймен ауыздандырған” [3, 41-43-бб.].

“Балаға ат қою”. Адамның өмірі азан мен намаздың арасы, – дейді мұсылмандар. Қазіргі кезде қазақтың ат қоюы да өзінің ұлттық сипатын да бағытын жоғалтып барады. Әрине, баласына қандай қойып, не деп атауы керек, ол ата-ананың өз шаруасы, талғамға талас жоқ. Дей тұрғанмен, Диана, Тансу, Даяна, Айлин, Дамир, Сандия, Самир секілді қазаққа тән емес, мағынасы түсініксіз жеңіл-желпі атауларға тым әуестеніп кеттік. Тағы бір бас шайқататын Анара, Жанара, Баяна, Жаната болып мәнін де, сәнін де ойсыратып бітті [3, 45-49-бб.].

“Бесік жыры”. Бесіктегі бала бес түлейді. Бесікке жататын баланың бір ерекшелігі – бесігін аңсап тұратындығы [3, 72-б.]. “Қырқынан шығару”. Қар қылаудан өседі, бала сылаудан өседі. Қырқынан шығарудың ең басты мәні – сәби қырық күнге жеткенде еті мен сүйегі бірігеді. Бала енді тіршілікке бейімделе бастайды, адам болуға бет бұрады [3, 75-б.]. “Тұсаукесер”. Ала жіптің себебі Жақсылық болып басына бақ қонғанда асып-тасып асылық жасамасын, қиындықта жасып басылмасын, өмірінің күнгейі мен көлеңкесінен тең өтсін! – деп баланың аяғына тұсалған ала жіпті пышақпен шорт кеседі [3, 84-б.]. Қазір біздің қоғамда, заманда ерекше білім беруді қажет ететін, дұрыс, анық сөйлей алмайтын, жарымжан балалар көбейіп барады. Ата-аналардың балалары үшін логопед маманды іздейтінін, ақыл-ойы, тілі өз жасынан кеш дамып жатқан балалар санының жылдан-жылға өсіп келетінін де жиі естіп те, көріп те жүрміз. “Көгентүп”. Жас баламен байланысты әдемі салттың бірі – көгентүп. Көгентүп – баланың көгенінің түбі болсын, малының басы болсын деген ақ ниетпен берілетін төл [3, 93-б.]. “Танабау”. Танабау тағудың өзіндік әртүрлі себептері болады. Мысалы, бүлдіршін ата-анасымен ауылдан ұзап жолаушылап келгенде “жолы болып жүрсін”, “алдынан жақсы адамдар кездессін”, “барған жерінде ашылатын есік көп болсын” деген бата-тілек айтылып, “танабау” қадайды [3, 95-б.].

Қазақта “Тіл ұстарту” салты бар. Ата-бабамыз балаларға жұмбақтар, жаңылтпаштар, өлеңдер жаттатқызған. Төрт түлік, оның төлдері, шығаратын дауыстарына, оларды шақыруға қатысты өлеңдерді ойын ретінде ұйымдастырып жаттатқызған. Ұй жануарларының, аңдар мен құстардың қимыл-қозғалысын, жүріп-тұруын ойын түрінде қайталатады. Ойынның аты – “Қалай айтуды білемін” деп аталады.

Жеті ата. Бала → әке → ата → баба → арғы ата → түп ата → тек ата. Ал жоғарыдан төмен қарай әке → бала → немере → шөбере → шөпшек → немене → туажат.

Ашамайға мінгізу. Бала өміріндегі аса қуанышты да атаулы күндердің бірі – ашамайлы тайға мінгізу салты. Ашамай той [3, 117-б.].

Сүндет той. Сүндеттойдың басқа тойлардан ерекшелігі – жұртты тойға сүндеттелетін бала өзі шақырады [3, 123-б.].

Сырға той. Қазақ халқы тоғыз жасты балиғатқа толған кез санайды, дегенмен құлақты жеті жаста теседі. Жеті әлем жаратылысының саны болғандықтан, қасиеттейді. Ұл баланы сүндетке отырғызумен бірдей қыз да есеюдің алғашқы сатысынан өтеді [3, 135-б.].

Міне, осы сияқты жоғарыда аталған салт-дәстүр, жоралғылардың бәрінің адам өміріндегі маңызы зор. Өкінішке орай, қазір бұндай ырым-тыйым, жоралғы, салт-дәстүрдің біршамасы ұмытылып бара жатыр. Бұл, әрине, ұлт, болашақ үшін өте қауіпті.

Қорытындылап айтқанда, танымал жазушы, қоғам қайраткері және қазақтың ұлттық дәстүрлерін насихаттаушы З.Ахметованың “Күретамыр” кітабы – ұлттық құндылықты, мәдениетті, тарих, әдебиетті, ұрпақ тәрбиесінің өзекті мәселелеріне арналған құнды еңбек. Бұл – мәңгілік тақырыпқа арналған, ұлттық салт-дәстүр, ұлттық идеология, ұлттық тәрбие қағидаттары, отбасындағы тәрбиенің маңызы туралы жазылған өміршең рухани азық. З.Ахметованың тілшілерге берген сұхбаттарында мектепке “Халық педагогикасы” пәні енгізіліп, оқытылуы керек деген тамаша идеясы, ойы бар. Біз де осы ұсынысты қолдап, мектептерге, колледждерге, жоғарғы оқу орындарына “Халық педагогикасы” пәні енгізіліп, оқытылуы керек деп есептейміз. Қазіргі жаһандану үрдісі қарқынды жүріп жатқан заманда ұлтымызды “Темірқазығынан” адастырмайтын өмірге қажет бағдар – ұлттық құндылықтарды сақтау, кейінгі буынға, ұрпаққа жеткізу, оның өміршендігі, мәңгілік болуы.

Әдебиеттер тізімі:

1. Джонисова Г.Қ. Бастауыш мектептің оқу-тәрбие үдерісінде оқушылардың ұлттық құндылық бағдарын қалыптастыру: П.ғ.к. дисс. авторефераты: 13.00.01. – Атырау, 2010. – 30 б.
2. Зейнеп Ахметова [Электронды ресурс]. – Қолжетімді: https://kk.wikipedia.org/wiki/%D0%97%D0%B5%D0%B9%D0%BD%D0%B5%D0%BF_%D0%90%D1%85%D0%BC%D0%B5%D1%82%D0%BE%D0%B2%D0%B0
3. Ахметова З. Күретамыр. – Алматы, 2018. – 208 б.

САН МЕН САНА: ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ТАНЫМЫНДАҒЫ «ҚЫРЫҚ» ҰҒЫМЫ

Інкарқызы Ж.

Л. Н. Гумилев атындағы ЕҰУ магистранты, Астана, Қазақстан.

Қазақ халқының дүниетанымында сандар тек есептік мәнге ие көрсеткіш ғана емес, сонымен қатар киелі ұғым, мәдени код, символдық мазмұн ретінде де көрінеді. Солардың ішінде қырық саны ерекше орын алады. Бұл сан халық санасында мифологиялық, діни, ритуалдық және фразеологиялық деңгейде тамыр жайған. Зерттеу барысында біз қырық санының этномәдени негіздерін, символдық мәнін, сонымен қатар заманауи санада қалай сақталып қалғанын анықтауға тырыстық.

Мақаланың негізгі мақсаты – *қырық* санының қазақ дүниетанымындағы символдық көріністерін жан-жақты талдау. Аталған санның қазақ танымындағы маңызын көрсету үшін тарихи, генеологиялық, діни, мифологиялық аспектілерде талдау жасалады. Киелі сандарды, соның ішінде *қырық* санының символдық мағынасын зерттеу тіл білімінен бөлек, психология, әлеуметтану, философия, антропология т.б. ғылым салаларының дамуына зор үлес қосады. Қазақ танымындағы сандар этимологиясы І.Кеңесбаев, Ө.Хасенов, Ө.Қайдар, Н.Уәлиұлы, Т.Жанұзақов, Е.Қойшыбаев, Т.Сайрамбаев, Қ.Ғабитханұлы, Қ.Тәжиев, Қ.Дүсіпбаеваның еңбектерінде әртүрлі аспектілерде зерттеледі.

Қырық санының киелілігі тек қазақ халқына ғана емес, бүкіл шығыс өркениеттері мен монотеистік діндердің дүниетанымында кездеседі. Бұл сан ежелгі шумер, вавилон, үнді, парсы және араб мәдениеттерінде белгілі бір өмірлік кезеңдерді, тазарту процесін, рухани өсу сатысын білдірген.

Ислам дініндегі көрінісі: Мұхаммед пайғамбарға уахи түскенде жасы қырықта еді. Құранда пайғамбарлардың қырық күн ораза ұстағаны, қырық күн тазарту рәсімдері баяндалады. Бұл – қырық санының рухани толықтық, жетілу, жоғары сананың пайда болуы кезеңін білдіретінін көрсетеді.

Түркілік дәуірмен сабақтастығы: Ежелгі түркілерде «қырық батыр», «қырық ру», «қырық серік» ұғымдары жиі кездескен. Бұл – санның бірлік пен қауымдық құрылым символы ретінде қабылданғанын көрсетеді.

Қазақтар үшін қырық санына деген құрмет діни немесе мифологиялық түсініктермен шектелмей, нақты өмірлік құрылымдарда көрініс тапты. Қырық күн – жаңа туған нәрестенің қалыптасу кезеңі, өлім мен өмірдің өтпелі уақыты, рух пен тәннің түзілу мерзімі деп есептеледі. Бұл туралы З.Ахметованың «Күретамыр» еңбегінде баяндалады: «Қырық күн, қырық саны адам жаратылысымен тікелей байланысы болғандықтан қасиеттейді. Бойға бала бітерде ештеңені артық-кем жаратпаған Алла Тағаланың құдыретімен бір тамшы ұрық суы қырық күнде қанға айналады, қаннан қырық күнде етке айналады. Тағы қырық күнде еттен сүйек пайда болады, одан қырық күн өткен соң, ет пен сүйекке жан бітеді және қырық күн өткенде жан алған ет пен сүйек адам пішініне енеді. Содан кейін шақалаққа сезім жүйесінің пайда бодуына қырық күн кетеді. Тағы қырық күнде бала толысады. Сөйтіп, 280 күн – қырық аптада, анығын айтқанда, тоғыз ай, тоғыз-он күнде нәресте өмірге келеді. Баланы қырқынан шығару – жоғарыдағы қырықтардың соңғы жалғасы» [1, 75-б.].